	<p>(Математика негіздері)</p> <p>«З»және«с» дыбыстары. Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстардың анық,таза,әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту (Сөйлеуді дамыту.) . Дид ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.(Қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>ажырата білу. (Қоршаған орта) «Ағаштар мен гүлдер» геометриялық пішіндерді қолданумен жол табу. Роботтар арқылы кеңістікті бағдарлау. Міндеттері: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш танып, атай білуге үйрету (Математика негіздері)</p>	<p>ДҰО «Көкөністер мен жемістерді жина» Ойынның шарты: араласып кеткен көкөністер мен жемістерді айырып, екі себетке бөліп салу, аттарын атау.</p>	<p>атауға үйрету.(Математика негіздері)</p> <p>ДҰО:«Сиқырлы текше» Шарты: Текшенің қолына ұстап лақтырады. Көліктің қай түрі түссе, көліктің атауын атайды, не үшін қажет екенін айтады. Жер, жер асты, әуе, су көліктері туралы түсінік беру. Жер үсті көліктерінің түрлері: жолаушы, жүк тасымал, арнаулы көліктер болып бөлінетінін түсіндіру. (қоршаған орта)</p>	<p>кезі.» (Заттық сурет салу) Мақсаты: Көкөністерді бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Түрлі –түсті бояуларды пайдалана отыра дөңгелек заттар алма мен алмұрт салуға үйрету Сурет салу ДҰО «Жыл ағашы» Шарты: Ағаштың әр мезгілдерге сай ерекшеліктерін атай отырып,бұтағын салыстыра отырып, дұрыс ауыстыру. «Жапырақ жинау» ойыны(сөздерді бекіту). Тілдік жаттығулар: Быр – быр – быр – жауды жаңбыр Тар – тар – тар – ұшып кетті құстар. Рақ – рақ- рақ – сары жапырақ. Жел – жел – жел – соқты қатты жел</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі. Әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p>				

	Геометриялық піш-ді атап айтуға, көлемін ажыратуға, конст-ден түрлі бөл-ді құрастыруға, топтастыруға, жем-ң сыртқы түрі, дәмі бойынша атауға үйрету. (Өмір)	Тұрмыстық заттар мен ойыншықтардың бейнелерін мүсіндей алуды үйрету.(Мансұр)	Сурет салу және мүсіндеу техникасын жетілдіру (Әли)	Қоршаған орта туралы түсініктерін дамыту арқылы сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін арттыру. (Камила)	Суреттің мазмұны бойынша шағын әңгіме құрастыра білуді үйретуді жалғастыру.(София)
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	«Ханталапай» ойынын үйрету.	ҚО «Ақсерек пен көксерек» Ойынды пысықтау	Балалардың ойынды өз бетінше ойнауына жағдай жасап ойнату	«Ханталапай» ойынын негізгі ережелерін пысықтау.	Ойынды меңгермеген балалармен ата аналармен ойнауын ұйымдастыру.
Серуеннен оралу	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау.Қолдарын жууға үйрету. Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйіне қайтуы	Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну.Табиғи материалдарды жинауға көмектесу. Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.Құстарға үйшік жасауды ұсыну Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.				

Тәрбиеші: Зейнулина Л.Ж

Әдіскер: Тяглая И.А.



Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.10-06.10.23

Күн тәртібінің кезендері	Дүйсенбі 02.10.2023	Сейсенбі 03.10.2023	Сәрсенбі 04.10.2023	Бейсенбі 05.10.2023	Жұма 06.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған жүрекшелермен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. «Дұрыс тамақтануға баулу»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Күзгі бақта не өседі?» Міндеттері: Балалардың ойларын тыңдау. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және дыбыстарды айтуды үйрету. (сөйлеуді дамыту)	«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Міндеттері: Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға үйрету (көркем әдебиет) ДЮ «Кім зейінді?» Мақсаты: геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды. (Математикалық негіздер)	«Күзгі бақта өсетін жемістер жидектер көкөністер» Міндеттері: олар туралы не білетіндерін сұрау, әңгімелеу, білетін әндер мен тақпақтарын айтқызу (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) ДЮ «Ол кім?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін ажырата білуге үйрету (әлеуметтік дағдыларын)	Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойын. «Бағдаршам» Міндеттері: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін және тілін дамыту. Ертегілер және ертегілер кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. (сөйлеуді дамыту)	«Ертегі кейіпкерлерінің санын салыстыру». Міндеттері: Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес. (математика негіздері)
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №1 (1-2) апта (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жууды пысықтау. Мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын қалыптастыру. Кезекшілік ұйымдастыру.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Шаттық шеңбері (видео) бала бала балақан Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Күзгі бақ туралы әңгімелесу. Білетін тақпақтарын еске түсіру.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: «Көлбеу тақтайшадан жүру» Мақсаты: Тепе-теңдік сақтауға үйрету. Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру, ептілік, шапшаңдылық, қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту, дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру</p>	<p>Музыка Музыканы Мұқият, қызығушылықпен тындау қабілетін қалыптастыру. Мұғалімнің әнімен би қимылдарын орындауға үйрету. В. Антоновой. Өнді үйрену: "Біз балабақшаға қуаныштымыз" Денешынықтыру Тақырыбы: «Көлдене нысанаға доп лақтыруды» Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру, ептілік, шапшаңдылық, қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту, дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>Қазақ тілі (Маман жоспарымен)</p>	<p>Музыка Балалардың әртүрлі көңіл-күйдегі пьесаларды қабылдау, музыканың табиғаты туралы сұрақтарға жауап беру қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Таныс әндерді тану қабілетін бекіту. Өн үйрену: «Алтын күз келді» Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Заттардан секіру» Мақсаты: Оң және сол жақпен жеңіл және ырғақпен жүгіруге үйрету. Өз жүгірісін басқалармен үйлестіру. Едендегі заттан аттауда тепе теңдікті ұстаудағдыларын нығайту</p>	

2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті , (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет)).				
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.				
Серуен	Карточка №1	Карточка №2	Карточка №3	Карточка №4	Карточка №5
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау. Серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу. (сурет салу) Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі қою.	«Бесік жырын» тыңдату	«Алдаркөсе» ертегісін оқып беру.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау (баяу музыка тыңдау).	Мақтаншақ қыз ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. №1 (1-2 апта) (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>«Жиналған жапырақтарды салыстыру, санау». Міндеттері: Тең тең емес екенін анықтау. (математика негіздері) ДАО « Жапырақ» Міндеттері: Жапырақтарды плакатқа жапсыру арқылы күзгі бақты бейнелеу. Ұжымдық жұмыс (жапсыру) Үстел үсті ойындары «Сиқырлы сызық» Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын және қимылдарды үйлестіруді тапсырманы көп қыры көруге үйрету. Логиканы, табандылықпен дәлдікті, қиял мен қиялды дамыту(математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру-қарым-қатынас, танымдық, ойын іс-әрекеті)</p>	<p>«Түлкі мен қоян» Міндеттері: ертегісін айтып беру дағдыларын қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту) Топтық жұмыс, плакатқа «Түлкі мен қоянға арналған жолдар» Міндеттері: қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру, Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. (жапсыру) Міндеттері: Ормандағы ағаштарды бояулармен салу. (сурет салу). ДАО «Бұл не екенін тап». Мақсаты: Балаларды жануардыбыстарын айтуға үйрету (Коммуникативтік дағдыларын)</p>	<p>«Күзгі бақта өсетін жемістер, жидектер мен көкөністер» Міндеттері: олардың суретіне, макетіне қарап не білетіндерін айту. балалардың қалауы бойынша (сурет салу, жапсыру және мүсіндеу). Сюжетті-рөлді ойын: «Құрылысшылар» (коммуникативті қызмет) ДАО«Әтешке қауырсын сыйла» Мақсаты: Балаларды түстерді айыра білуге (Сөйлеуді дамыту) ДАО«Қуыршақты ұйықтату». Мақсаты: Балаларға «жату», «ұйықтау» етістігін айтуға, күнделікті сөйлеу барысында қолдануға үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Міндеттері: халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша жемістерге арналған ыдыстарды мүсіндеуге үйрету (мүсіндеу) Міндеттері: дөңгелек пішінді жемістермен салу; техникалық дағдылар мен біліктерді игеру. (сурет салу) Құрылысшылар туралы мультфильм көру. Балалармен пікірлесу, ойларын тындау. (танымдық қызмет) ДАО « Түрлі түсті моншақтар» Мақсаты: Моншақтардың түсін көлемін, тану (Математикалық негіздер)</p>	<p>ДАО « Өз ағашыңды тап» Мақсаты: Жапырығына қарай ағашта табу. (Шығармашылық дағдыларын) ДАО «Көкөністер мен жемістер» Міндеттері: оларды ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. Балалардың көздерін байлап, жеміс немесе көкөністің дәмін тату арқылы тану, атауды үйрету. (қоршаған ортамен танысу) ДАО «Тәрелке» (заттық мүсіндеу) Мақсаты:Қамырдың кесегімен ыдысты мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.Кесе формасының құрылысы, өлшемдерді дұрыс шығару, орналастыру жайында хабар беру. Мүсіндеу.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі. Әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б(сөйлеуді</p>				

	дамыту, математика негіздері)				
	Кеңістікті бағдарлауды үйрету. (Алан , Лианна)	Таныс ойыншықтарды, жемістерді, көкөністерді 2-3 сөзден тұратын жай сөйлеммен сипаттауға үйрету.(Ксения)	Заттардың сапасы мен қасиеттерін: сипау, дәмін тату және есту арқылы ажыратуды қалыптастыру.(Мансұр, Аяла)	Отбасы мүшелерінің атай алуды үйрету. (Камила, Аяла)	Өзі тұратын қала ,көше аттарын атауға .үйрету (Нурасыл)
Серуенге дайындық	Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды дайындау. Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.				
Серуен	Қимылды ойын «Ақсерке пен көк серек»	Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру. Еркін ойындар	Қимылды ойын «Трамвай»	Қимылды ойын. «Сөқыр теке»	Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.				
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі өзгерістерді үйге қайтар жолда бақылауды ұсыну	Түлкі мен қоян ертегісін айтып беруін балаларынан сұрау.	Балалардан бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы	Күзгі бақ өнімдері туралы әңгемелесуді ұсыну.	Апта бойы жасаған іс әрекеттері туралы әңгімелесу.

Тәрбиеші: Дүйсенбі.Н

Әдіскер: Тяглая И.А.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.10-13.10.23

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 09.10.2023	Сейсенбі 10.10.2023	Сәрсенбі 11.10.2023	Бейсенбі 12.10.2023	Жұма 13.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды (тотықұс немесе көгершін) құспен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз. Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Д/О. «Сөзді аяқта» Мақсаты: Балалардың сөйлем құруға үйрету. Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалардың бойында жыл мезгілі-күз туралы түсініктерін арттыра түсу, ойлау, ес дағдыларын ұштастыру. Д/О «Сиқырлы қалта»,	Ойын жаттығулары: «Дәрумендер және олардың пайдасы» Балалар жемістер мен көкөністер туралы, дәрумендердің пайдасы туралы өлеңдер айтқызу. Өлеңдерінде дәрумендер жайында шағын көрініс көрсеткізу.	Дид жаттығу: «Қай заттың орны ауысты?» ойыны (3-4 бала) Ойынның шарты: заттарды мұқият қарап алындар. Сосын көздерінді жұмындар. Мен бір заттың орның ауыстырамын. Сендер көздерінді ашып сол затты табындар. Д/О Суретші қай жерде қателесті?»,	Д/ойын «Суретті құрастыр» мақсаты: Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Д/О «Не жоқ?»	Дид/ойын «Дәрумендер» сөзжұмбағын шешейік.» 1. Бақшада өсетін өсімдіктерді бір сөзбен не дейміз?(көкөністер) 2. Осы ағаш гүлдерінен дәрілік қайнатпа жасауға болады ол ыстықты түсіреді. (жөке) 3. Үлкен көкөніс, ішінде пайдалы дәні және А дәрумені бар. (Асқабақ)
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №1 (1-2) апта (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Құстар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: «Жыланша еңбектеу» Мақсаты: Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, бытырап жүгіру, бір-біріне соқтығыспай заттарды айнала жүру, басты дұрыс ұстау, тоқтап және заттардың арасымен жүріп тапсырманы орындай жүгіру, дене бітімінің дұрыс қалыптасуын қадағалау</p>	<p>Музыка Музыканы "айтуға" үйрету: оның әзіл-қалжың сипатын сезіну, оны қозғалыс арқылы жеткізу. 3. Левина Өнді үйрену: "Туған өлке" Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты еденге лақтыр» Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру, ептілік, шапшаңдылық, қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту, дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру</p>	<p>Қазақ тілі Маман жоспарымен</p>	<p>Музыка Екі түрлі бөлікті естуге және ажыратуға үйрету.. Қайталанатын сөз тіркестерін айту қабілетін дамыту. Ынталандыру ойын бейнелерін беру, кеңістікті шарлау. Өнді үйрену: "Туған өлке" Денешынықтыру Тақырыбы: Бөренеді жүру» Мақсаты: Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру, ептілік, шапшаңдылық, қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту, дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру</p>	

2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет)).				
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. (Қоршаған ортамен танысу)				
Серуен	Карточка № 6	Карточка № 7	Карточка № 8	Карточка № 9	Карточка № 10
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Түскі ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Бата беру Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Ас қайыру Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «әлди –әлди» музыкасын тыңдату	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балапаным» музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі	«Батыр бала» әнін тыңдату.

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. №1 (1-2 апта) (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет) Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Қимылды ойындар Ойын :«Шындыққа бір қадам» ойыны Балалар бір сапқа тұрады. Егер дұрыс болса бір қадам аттайды, дұрыс болмаса бір қадам артқа аттайды. - Сиырлар ұшады - Мысықтар мияулайды. - Қыста қар түседі. - Үлкенге орын береді. - Ата-аналарды алдау - Өтірікті досына жабу - Шындықты айту . Д/О « Кім зейінді» Мақсаты:Белгілі пішіндерден әр түрлі заттар құрастыру. «Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. «Математика негіздері) Д/О «Отбасы мүшелерін орналастыр» Мақсаты:Отбасы мүшелерін</p>	<p>Д/О « Жолмен қандай көліктер өтті» Мақсаты: көліктерді ажырата білуді және сөйлеу арқылы әңгіме жүргізу. «Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру (Сөйлеуді дамыту). Д/О «Тез ойла» Ойынның шарты: Мамандық түрлері аталады. Солардың ішінен тақырыпқа сай мамандық иелері аталса балалар қол шапалақтаулары керек. Мыс. Мұғалім, егінші, дәрігер, комбайншы, тракторист,</p>	<p>«Асық ату» ұлттық қимылды ойын. Ептілікті, шапшандықты, ұқыптылықты арттыру, ұжыммен бірге ойнауға,сөздік қорларын молайтуды дамыту: «Бізге қажет»Қайшының көмегімен салфеткалар қия білуге,оны дұрыс ұстай алуға машықтау: Дидактикалық ойын: «Суретті орны – орнына қою» - жер жыртқан трактор егін егін жинаған комбайн наубайхана - Дүкендегі нандар Мақал – мәтелдер 1. Ас атасы нан Нан атасы дән 2. Еңбек түбі береке, Көптің түбі мереке</p>	<p>Ойын жаттығу: «Тазалықтың достары». Ой ашу: сұрағы. а) Тіс тазартатын құралдар (щетка, паста)ә) Ол судан қорқады, одан кір қорқады. (сабын) б) Денені шынықтыратын, денсаулыққа әсері мол сабақ (дене тәрбие) в) Жалқаудың досы (еріншектік, ұйқы) г) Адам өміріне ең қажет (ауа, су, жылу, жарық, тамақ) ғ) тазалық кепілі (денсаулық) 1. Жеке бас тазалығы деген не?2. Таза жүретін баланы қалай атайды? Оның достары не? (сабын, паста, сүлгі, су).. Д/О «Саңырауқұлақты жинау» Мақсаты: Заттарды</p>	<p>Үстел- үсті ойыншықтары театры: Мақсаты: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады Дидактикалық ойын ойнату «Кім білгір?» Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Д/О «Ұлттық киімдерді ата» Мақсаты:Балалардың ұлттық киім туралы,олардың атауымен қолдануы туралы түсініктерін қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Өз орнын тап» ойыны Мақсаты: түстерді тануға үйрету.</p>

	<p>атауға, оларды құрметтеуге үйрету. (Қоршаған орта) Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?» Ойынның шарты: Берілген суреттердің ішінен нан өнімдеріне жатпайтын тағам түрлерін шығарып тастаулары керек. Д/ойын: «Ұннан жасалған қандай нан тағамдарын білесің?» Мақсаты: Ұннан жасалған нан тағамдарының атын қазақша айта білуге үйрету. (тоқаш, батон, самса, бауырсақ, печенье, және</p>	<p>наубайханашы, есепші, диханшы, т. б. Барлығымыз бірге. Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар (Сөйлеуді дамыту).</p>		<p>көріп сипау арқылы сезімталдығын дамытып, қоршаған орта жайлы білімін кеңейту. ДО Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру. (Математика негіздері)</p>	<p>(Сурет салу) . Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналастыр» Ойынның шарты: Ұн, бидай, нан суреттері беріледі. Сурет, ретімен орналастырулары керек. Тыйым сөздер: 1. Нанды бір қолмен үзбе. 2. Нанды, дастарханды баспа. 3. Нанды төңкеріп тастама. 4. Нанды аяққа баспа. Мағыналарын түсіндіру.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі. Әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p>				
	<p>. Саусақ жаттығуы: «Қоңырау» Сыңғырлайды қоңырау, Сыңғыр-сыңғыр етеді. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Алинур, Камила</p>	<p>Балаларға санамақтар санату (Роман, Арай, Нургали)</p>	<p>Жуан-жіңішке, биік-аласа" дегенді қайталап түсіндіру (Әмір, Халид)</p>	<p>. Түстерді түстеп бөліп жинауын қадағалау (барлық баламен)</p>	<p>«Неге ұқсас?» ойыны Мақсаты: сенсорлық операцияларын, көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту. (Санжар, ислам)</p>
Серуенге дайындық	<p>Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуді, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды дайындау. Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.</p>				

Серуен	Қ\О «Ақсерек пен көксерек» Еркін ойындар	Қимылды ойын «Тауықтар мен балапандар»	«Қарлығаш» Міндеттері:әнін дауыстап және төмен дауыспен ән салу (музыка) Еркін ойындар	Құстар туралы жұмбақтар шешу Кеудесі қайқандап, Жүреді байпандап. (Қаз) біздей. (Тырна) Еркін ойындар	Құстар болып ұшу. Әр түрлі құстардың қимылын қайталау. Қимылды ойын «Аққу қаздар»Балалардың бастамасымен ойындар
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау.Қолдарын жууға үйрету. Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. Балалардың тәртібі туралы ескерту. Ата-аналарға : «Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды?» Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады? Балабақша режимін сақтауды ескерту. Балалар ауырған кезде хабарлауды айту.				

Тәрбиеші: Зейнулина Л.Ж

Әдіскер: Тяглая И.А.



Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.10-20.10.23

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 16.10.2023	Сейсенбі 17.10.2023	Сәрсенбі 18.10.2023	Бейсенбі 19.10.2023	Жұма 20.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. Мансур дың ата-анасына қаламды сол қолына ұстайтындығын айту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын: «Анасын тап» Міне аналары, ал балалары адасып қалыпты, қане аналарын тауып беріндерші? Дидактикалық ойын: «Жануарларды тап, сана»,	Дидактикалық ойын. Түрлі- түсті моншақтарды тізбектеу. Мақсаты: Ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру. ДҰО Айырмашылығын тап»,	Дидактикалық ойын «Сикырлы қапшық» Мақсаты: Балалар қапшықтар ішіндегі үлкен- кіші моншақтарды саусақпен ұстап сезу арқылы ажыратады.	«Дидактикалық ойын .Вагондарға дөңгелек таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	«Шәйнекті құрастыр» Үстел үсті ойындарын құрастырып ойнау. Қимылды ойындар: «Ұшақтар»
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №2 (3-4) апта (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Аумин десең маған, Алтыннан-жағаң, Күмістен тағаң				

	<p>Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин</p>			
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз</p> <p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? қазір күздің нешінші айы? Күзде қандай өзгерістер болады? Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Жануарлар туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>			
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Денешынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Тақтайшалармен тепе – теңдікті сақтап жүру. Мақсаты: Шеңбер құруға үйренуге таныстыру, ән ырғағымен маршпен жүруге бекіту, әнмен сәйкес жүру. Басынан аяғына дейін тақтайдан еңбектеуге жаттықтыру.</p>	<p>Музыка</p> <p>Музыкалық шығармаларды табиғаты бойынша ажыратыңыз. аспаптарында ойнау. (қоңырау, құбыр) "Атаулар ойыны"</p> <p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Бір бірімізге допты домалату» Мақсаты: Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіру. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру. Допты тура бағытта домалату.</p>	<p>Қазақ тіл (жоспарымен)</p>	<p>Қарапайым сөздермен мінезді анықтай білу. басталуымен қозғалысты бастауға және оның аяқталуымен аяқтауға үйрету. "Гауһар ойыны" "Паровоз" Әнді үйрену: "Туған өлке"</p> <p>Денешынықтыру Тақырыбы: «Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу» Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту ептілік, шапшаңдылыққа үйрету, қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту,</p>

				дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру	
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті , (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет)).				
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.				
Серуен	Карточка № 11	Карточка № 12	Карточка № 13	Карточка № 14	Карточка 15
Серуеннен оралу	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Түскі ас	Бата беру Асқа байлық, Денге саулық. Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) «Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу,				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана » музыкасын тыңдату	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Аю мен қойшы» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Түлкі » ертегі	«Сандар» әнін тыңдату.
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. №2 (3-4 апта) (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті	ҚО ойын: «Құлақ-мұрын» ойыны.	ДО «Күзгі жапырақтар»	Тәжірбелер. Ал судың иісі бар ма,	«Ғажайып дорба» (көкөністер)Мақсаты:	Д\О«Ертегіні жалғастыр»

<p>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиеші: құлақ деп мұрнын ұстайды. Ал балалар айтылған мүшені дұрыс көрсетулері тиіс. Тәрбиеші балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатында оларды шатастырып атайды</p> <p>ДЮ «Тостаған»</p> <p>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету. (шығармашылық дағдыларын)</p> <p>«Отбасы құндылығы» әңгіме</p> <p>Мақсаты: отбасы құндылықтарын және отбасы құрылатын адамгершілік негіздерін көрсету; «Мақал-мәтелдер» айту</p> <p>(көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Мақсаты: Балаларға күзгі жапырақтардың түсімен таныстыру. Күзде жапырақтардың неліктен сарғаятындығын айтып түсіндіру.</p> <p>ДЮ «Пішіндерді орналастыр және суретін сал»</p> <p>Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу.</p> <p>Математика негіздері, сурет салу, мүсіндеу</p> <p>ДЮ «Өз үйін тап» ойыны</p> <p>Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.</p>	<p>иіскеп көріңдерші? «Судың иісі жоқ» Балалар суды иіскеп көреді, судың иісінің жоқ екенін сезінгенше, тағы да қайталап иіскету керек. Ал екінші ыдыста түссіз тәтті суға ванилин араластырған суды құйып, балаларға иіскету керек. Балалар балықтар қайда өмір сүреді? Суда, өзенде, көлде, мұхитта өмір сүреді. - Дұрыс! Балықтардың қайда түрін білесіңдер? Шортан, алтын балық, аққайран, теңіз кірпісі, кит</p> <p>ДЮ «Дөңгелек»</p> <p>Мақсаты: Шығармашылыққа деген қызығушылықтарын дамыту; тұзды қамыр және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;</p> <p>Мүсіндеу</p>	<p>балалардың қолмен сипап сезу әрекеттерін дамыту, көкөністер жайлы білімін жетілдіру.</p> <p>Ойын мазмұны: балалар кезекпен келіп қолын ғажайып дорбаға салып, сипап сезу арқылы көкөністі таңдайды. Қолын дорбадан шығармай тұрып, сол көкөністің атын атайды және одан не жасауға болатынын әңгімелейді.</p> <p>ДЮ «Менің Отаным-Қазақстан»</p> <p>Мақсаты: Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүюге тәрбиелеу.</p> <p>(Қоршаған орта)</p>	<p>Мақсаты: Балаларға таныс ертегіні жалғастыру.</p> <p>ДЮ «Біреу-көп»</p> <p>Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>ДЮ «Құлыншақ» (дымков ойыншығы)</p> <p>Мақсаты: Халық өнерінің шығармаларына қызығушылығын тәрбиелеу Әсемдеу элементтерімен танысу. Сурет салу *</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі. Әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық</p>				

	мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б(сөйлеуді дамыту, математика негіздер.				
	Дыбыстарды дұрыс және анық айтуға, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға ойын арқылы үйрету. (София, Роман)	Отбасы мүшелерінің есімдерін атай алуды үйрету (Санжар)	Табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін білуді үйрету (, Диляра, Халид)	Заттарды түсі, өлшемі бойынша ажыратуға, орындауға, айтуға конструктормен бөлшектерді құрастыруға, ауа-райын ажыратуға үйрету. (Ислам)	Тілдегі дауысты дыбыстарды анық айтуды қадағалау (санжар, Әмір)
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.				
Серуен	Мысық әнін айту Еркін ойындар	Футбол - берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату; (дене шынықтыру) Еркін ойындар	Ермексазбен еркін әрекеттер. (мүсіндеу) Еркін ойындар	«Үш торай» ертегісін оқып беру. Міндеттері: Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау	Ермексазбен еркін әрекеттер. (мүсіндеу) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кенес: «Отбасы – сүйіспеншілік пен жылулықтың қайнар көзі» Отбасылық тәлім-тәрбие баланың қоршаған ортаны қабылдау негізін құрайды. Отбасындағы баланың дамуындағы маңызды рөлі, баланы өмірдегі әлеуметтік шартқа даярлау, білімді игеру, икемділік туралы әңгіме жүргізу.				

Тәрбиеші: Зейнуллина Л.Ж

Әдіскер: Тяглая И.А.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10-27.10.23ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.10.2023	Сейсенбі 24.10.2023	Сәрсенбі 25.10.2023	Бейсенбі 26.10.2023	Жұма 27.10.2023
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кенес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын» Мақсаты: ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау. Д/О « Не жетпейді?»	«Күзгі еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндеу. (мүсіндеу) Д/О «Ғажайып сандық».		Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру (математика негіздері)	Шеберлер қалашығы тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. (сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №2 (3-4) апта (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтармен бөлісуі, жақсы тілектер тілеуі. «Күзгі еңбек», «Шеберлер қалашығы» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Дене шынықтыр Тақырыбы: «Бөрене арқылы тақтай бойымен еңбектеу» Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру, ептілік, шапшаңдылық, қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту, дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру. Дене шынықтыру «Сүреттеу бойынша тап» - нәрсені сүреттеуді білу, назарды, тапқырлықты дамыту, «Осылай бола ма, жоқ па?» - логикалық ойлауды дамыту</p>	<p>Музыка "Жомарт күз" Музыкалық ойын: «Бірғақты дәл қайтала! Ойынның мақсаты: Музыкалық аспапты тыңдауға ынтасын тәрбиелеу. Ән тыңдау: Күз Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Хоки-поки» Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, ритмикалық қимылдар жасау. Билер: «Қояндар» Би қимылдарының элементтерін еркін музыкамен орындайды. Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Бөрене арқылы асып түсу» Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру, ептілік, шапшаңдылық, қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту, дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру</p>	<p>Қазақ тілі (маман жоспарымен)</p>	<p>Музыка Қоңыр күз" Музыкалық ойын: «Әуенді әрле» Әуенді тыңдай білуге үйрету, ырғақтылық сезімін тәрбиелеу. Ән тыңдау: П.И. Чайковский «Октябрь» Әуеннің сипатын, көңіл-күйін әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту: «Ән саламыз жараса» Денешынықтыру «Өрмекшіге ұқсап еңбектеу» Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру, ептілік, шапшаңдылық, қозғалыс үйлесімдіктерін дамыту, дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру арқылы көлбеу тақтаймен өрмелеу.</p>	

2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік)) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет)).				
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.				
Серуен	Карточка № 16	Карточка № 17		Карточка № 18	Карточка № 19
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Түскі ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) «Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, Ас қайыру Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қаңбақ шал» ертегі		Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Арыстан мен түлкі» ертегі	«Әлди» әнін тыңдату.

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. №1 (апта) (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Д\О «Бес саусақ» Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Эксперимент: «түрлі түсті бояулар» (сөйлеуді дамыту) Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстары (құрастыру, мүсіндеу, сурет салу) Д\О «Тәулік бөліктері» Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру (математика негіздері) «Д\О « Бағбан</p>	<p>Д\О «Дене бөліктері» Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). Мақсаты: Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру (математика негіздері) «Оп оңай! Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында фильм көру. Міндеттері: Өз ойларын айтқызу. Топтағы тазалық жұмысын жоспарлап қатысу. (көркем әдебиет) Сюжетті-рөлді ойын: «Отбасы» Мақсаты: Алдын – ала жасалған жоспар-сюжетке сәйкес ұжымдық түрде ойын құру қабілетін қалыптастыру. Әділдікке үйрету, ойындардағы рөлдерді тарату. (шығармашылық, қарым-қатынас іс-әрекеті) Республика күніне</p>		<p>Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Аяқ киімдердің түр түсіне, көлеміне, пішініне және өю өрнегіне байланысты сыңарын таба білуге. (Сөйлеуді дамыту) «Ата-ананы тыңдаймыз» әні (музыка-шығармашылық іс-әрекет) Д\О «Кім жылдам» ойыны. Мақсаты: сөздік қорларын дамыту.. Мысалы – «Алма»-алма жедім немесе алма ол жеміс. (сөйлеуді дамыту) Д\О Жәндіктер» Мақсаты: Балаларға суреттер арқылы жәндіктер туралы түсінік</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Мақсаты: Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру) театрландырылған іс-әрекет: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің театрландырылған ойыны Мақсаты: балаларды таныс әдеби шығармалар бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға үйрету; (шығармашылық іс-әрекет) Дидактикалық ойын Тіл туралы мақалдар дидактикалық ойын арқылы. “Мен бастаймын сен</p>

